

Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмек төлеудің ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2005 жылғы 05 ақпандағы N 30 қаулысы . Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2005 жылғы 22 ақпанда N 1494 тіркелді. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011 жылғы 17 қазандағы N 01.04-08/2964 хаты)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің өтуіне байланысты күші жойылды (Солтүстік Қазақстан облысы әкімі аппаратының 2011.10.17 N 01.04-08/2964 хаты)

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңы 37 бабы 1 тармағына сәйкес және "Солтүстік Қазақстан облысының денсаулық сақтау ісін реформалау мен дамытудың 2005-2007 жылдарға арналған бағдарламасы туралы" облыс мәслихатының XIII сессиясының 2005 жылғы 24 қаңтардағы N 13/3 шешімі негізінде, демографиялық ахуалды жақсарту мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :**

1. Қоса беріліп отырған Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмек төлеудің ережесі бекітілсін.

2. 2005 жылдың 1 қаңтарынан 2005 жылдың 31 желтоқсаны аралығында (қоса алғанда) туған балаларға бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмек жоспардан тыс кірістер есебінен тиісті жергілікті бюджеттер қаражатынан төленетін болып а й қ ы н д а л с ы н . < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - СҚО әкімиятының 2005 жылғы 20 желтоқсандағы N 316 қаулысымен.

3. Аудандар мен Петропавл қаласының әкімі:
бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмекті 451-007 "Азаматтардың мұқтаж жеке санаттарына жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша әлеуметтік көмек" бюджеттік бағдарлама бойынша қаржыландыруды;
бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмек тағайындауды және төлеуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Е.Е.Нұрақаевқа жүктелсін.

Облыс әкімі

Облыс әкімдігінің
2005 жылғы "5" ақпандағы
№ 30 қаулысымен бекітілген

Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмек төлеудің ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже бала тууға байланысты көрсетілетін әлеуметтік көмек тағайындаудың және төлеудің тәртібін анықтайды.

2. Осы Ережеде мына ұғым пайдаланылады:
әлеуметтік көмекті тағайындау және беру жөніндегі уәкілетті орган - аудандық және қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімдері;

3. Әлеуметтік көмек алуға Қазақстан Республикасы азаматтары мен Солтүстік Қазақстан облысы аумағында тұрақты тұратын оралмандардың құқығы бар.

4. Жәрдемақыларды төлеу ата-анасының біреуіне (тірі бала туған анасына, не осы баланың әкесіне), ата-анасының екеуі де болмаған жағдайда - қамқоршыларына не баланың өзге заңды өкілдеріне табысына қарамастан жүргізіледі.

5. Бала өлі туған жағдайда әлеуметтік көмек төленбейді.

6. Екі немесе одан да көп бала туған жағдайда әлеуметтік көмек әрбір балаға төленеді.

7. Әрбір туған балаға әлеуметтік көмек төлеу 30 мың теңге мөлшерінде жүзеге асырылады.

8. Әлеуметтік көмек алуға өтініш беру мерзімі баланың туған күнінен бастап 2 айдан аспауға тиіс.

2. Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмек алуға өтініш беру тәртібі

9. Әлеуметтік көмекті алушылар тұрғылықты жері бойынша әлеуметтік көмекті тағайындау және беру жөніндегі аудандық (қалалық) уәкілетті органдарға мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) қосымшаға сәйкес белгіленген үлгідегі өтініш;
- 2) баланың тууы туралы куәлігінің көшірмесі не емдеу мекемесінің бала туылғаны туралы анықтамасының көшірмесі;
- 3) алушының жеке басын куәландыратын құжат;
- 4) тұрғылықты жерін растайтын құжат;

5) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (СТН).

10. Асырап алушы (қыз асырап алушы), қамқоршы осы Ереженің 9-тармағында көзделген құжаттардан басқа тиісті органның асырап алу (қыз асырап алу) немесе қамқорлығына алу туралы шешімінің үзіндісін ұсынады.

11. Салыстыру үшін құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелері ұсынылады, кейіннен құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

12. Әлеуметтік көмекті тағайындау және беру жөніндегі аудандық (қалалық) уәкілетті органдардың қызметкерлері құжаттар көшірмелерін растайды, қоса беріліп отырған құжаттармен бірге өтінішті журналда тіркейді және өтініш берушіге қабылдағаны туралы белгісі бар жыртпалы талон береді.

13. Әлеуметтік көмекті тағайындау және беру жөніндегі уәкілетті орган іс қалыптастырады және өтінішті қабылдаған күннен бастап он күннің ішінде әлеуметтік көмек тағайындау туралы шешім қабылдайды.

3. Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмекті төлеу тәртібі

14. Әлеуметтік көмекті тағайындау және беру жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге тізім ведомостын қалыптастырады.

15. Әлеуметтік көмекті төлеу әлеуметтік көмек тағайындау және беру жөніндегі уәкілетті органмен ақшалай қаражатпен не сомаларды алушылардың ағымдағы шотына аудару жолымен жүзеге асырылады.

4. Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмекті тағайындаудың уақыттылығы үшін жауапкершілік

16. Әлеуметтік көмекті тағайындау және беру жөніндегі уәкілетті орган оны осы Ережемен белгіленген тәртіпте тағайындаудың және төлеудің дұрыстығы және уақыттылығы үшін жауапты болады.

17. Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмекті тағайындаудың және берудің дұрыстығын және уақыттылығын бақылауды бақылау органдары жүзеге асырады.

Бала туғанда көрсетілетін
әлеуметтік көмекті төлеудің

ережесіне қосымша

_____ ауданы (қаласы)

жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар
бөлімінің бастығы _____

Өтініш

Бала туғанда көрсетілетін әлеуметтік көмекті маған тағайындауыңызды
және төлеуіңізді сұраймын

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты _____

СТН _____

Мекен-жайы _____

Жеке басын куәландыратын құжат _____
(құжаттың түрін көрсету)

Сериясы _____ нөмірі _____

кім берді _____

қашан берілді _____

200 жыл _____
(өтініш берушінің қолы)

Өтініш қабылданды

200 жыл _____

(құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)

(кесу сызығы)

Азамат _____ өтініші _____ данада қоса берілген

құжаттармен 200_ жылы _____ қабылданды.

(құжатты қабылдаған адамның Т.А.Ә. және қолы)